

**Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ «М. Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің №5 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

03 сәуір 2023 жыл.

Темірбек Жүргенов ауылы

Күн тәртібі

1. М. Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің өзін-өзі бағалау өткізуі туралы

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызмегіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» № 473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар негізінде күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша мектеп директоры С. Издина Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің оқушылардың жазғы каникулда болуы себепті 4, 9- сынып оқушыларынан оқыту нәтижелерін бағалау (компьютерлік тест) мемлекеттік аттестация қыркүйек айына жоспарланған мектептерден 2022-2023 оқу жылының сәуір айына өткізу керек деген хабарламасымен, мемлекеттік аттестаттау өткізу кезіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілерімен, мемлекеттік аттестациялау алгоритмімен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттауға түсіп тұрған білім беру ұйымы жоспарланған мерзімінен кемінде екі ай бұрын өзін-өзі бағалау жүргізу үшін кемінде 5 (бес) қызметкерінен комиссия құрылатындығын, бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелері арасында нақты тапсырмалар бөлінетіндігін, жалпы өлшемшарт кестелерімен слайд түрінде таныстырды.

**СӨЙЛЕУШІЛЕР:**

Оқу ісінің орынбасары А. Аманшеева, білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін онлайн форматта сауалнама жүргізетіндігін, ол үшін ата- аналардың аты- жөндерін, телефон номерлерін қатесіз жазып, дайындап қою үшін класс жетекшілерге тапсырма берілді. Білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін 4,9 – сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелерін бағалау кезінде жақсы нәтиже алу үшін, өткен тақырыптарды нысықтау қажеттігін, орта білім беруге қойылатын талаптар сияқты, мектепалды даярлық, шағын орталық топтарына да бағалау өлшем шарттарының қосымшаларына сәйкес бірдей талап қойылатындығын айтты.

Жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі Б. Қонысбаева, комиссия құрамына оқу және тәрбие ісінің орынбасарларын А. Аманшееваны, А. Абжижалелованы Д. Жолдыбаеваны, Р. Кусегенованы және кәсіподақ комитетінің төрағасы А. Төрежанованы ұсынатындығын айтты.

Тарих пәнінің бірлестік жетекшісі Р. Нұржанова комиссия мүшесіне педагог –зерттеуші, оқу ісінің үздігі белгісінің иегері, математика және информатика пәндерінің бірлестік жетекшісі Р. Байгонованы ұсынды.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

Шешім етті:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі»

- коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «М. Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін – өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2023 жылдың 03.04 - 31.05 аралығы болып бекітілсін.
  3. Мектеп қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
  4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігін анықталсын.
  5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Пед.көмекшісі  
Хатшысы



Издина С.М.  
Махамбетова А.